



БҰЙРЫҚ

2018 жыл 29 наурыз
Павлодар қаласы

ПРИКАЗ

№ 529

город Павлодар

2017 - 2018 оқу жылын аяқтау
және Павлодар қаласының жалпы
орта мектептерінің білім алушыларын
қорытынды аттестаттаудан өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 27 ақпандағы №74 «2017 - 2018 оқу жылын аяқтау және орта білім беру мекемелері оқушыларының қорытынды аттестациясын өткізу туралы» бұйрығын, Павлодар облысы білім беру басқармасының 2018 жылғы 26 наурыздағы № 1-12/95 «2017 - 2018 оқу жылын аяқтау және Павлодар облысының орта білім беру мекемелеріндегі оқушылардың қорытынды аттестациясын өткізу туралы» бұйрықтарын орындау үшін, 2017-2018 оқу жылын ұйымдастырған түрде аяқтау және қаланың жалпы білім беретін оқу орындарындағы оқушылардың көшіру және бітіру емтихандарын өткізу мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Жалпы орта мектептерінің директорларына:

1) қаланың орта білім беру мекемелерінде оқу жылын аяқтау мерзімінің, 9 (10), 11 (12) сыныптарының оқушылары үшін қорытынды аттестациясын өткізу мерзімінің орындалуын қамтамасыз етсін;

2) ауызша (соның ішінде таңдаулары бойынша) емтихандардың материалдары даярлансын;

3) 9 (10), 11 (12) сыныптарда емтихандардан босату облыстық білім беру басқармасының бұйрығына сәйкес орындалсын;

4) оқу жылын аяқтау бойынша білім беру бөліміне келесідей құжаттар ұсынылсын:

- 9 (10) сыныптар үшін емтихан материалдарына өтінімдер – 2018 жылғы 5 сәуірге дейін;

- Үздік және «Алтын белгі» жалпы орта білімі туралы аттестатын алуға үміткерлер туралы мәліметтерді – 2018 жылғы 4 сәуірге дейін;

- Үздік және «Алтын белгі» жалпы орта білімі туралы аттестатын алуға үміткерлердің құжаттарын – 2018 жылғы 14 мамырға дейін;

- оқушыларды бітіру емтихандарынан босату туралы құжаттар – 2018 жылғы 17 мамырға дейін.

5) бітірушілердің Ұлттық бірінғай тестілеуге қатысуын ұйымдастыру.

2. Оқу жылының ұйымдасқан түрде аяқталуына және жалпы орта білім беру мекемелерінде емтихандардың өткізілуіне жауапкершілік қалалық жалпы білім беруге мектептер директорларына жүктелсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау білім беру бөлімі басшысының орынбасары Л. П. Казанцеваға жүктелсін.

Бөлім басшысы



Г. Қадырбаева

Таныстым:

Казанцева Л. П.



(күні, қолы)